

7. «Ы.Алтынсариннің ісі мәңгі жасайды» мақала. Ашық сабақ . Факультативті сабақтар №5 2010ж.
8. Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2005-2010 жылдарға арналған бағдарламасы.
9. «Білім сапасын көтеру-басты нысана» мақала. Білім берудегі менеджмент.
10. «Білім беру жүйесіндегі кәсіби дамудың жаңа технологиялық жүйесі» мақала. Білім берудегі менеджмент.
11. С. Ешімханов «Ұстаздан-ұлағат, ұлыдан-өнеге» Мәдениет және тұрмыс №9 1989ж.
12. С. Кенжеахметұлы «Ұлттың ұлы ұстазы» Қостанай таңы 2006ж.
13. Т. Жұмасұлтанов «Ыбырай жаққан шамшырақ» Білім №4 2004ж.
14. Н. Князев «Ы. Алтынсарин және қазіргі мектеп» «Қазақстан мектебі №3» 1992ж.
15. С. Ешімханов «Ы. Алтынсарин идеясы мектеп өмірінде» Қостанай таңы 1991ж.

Ы.АЛТЫНСАРИННІҢ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ КӨЗҚАРАСЫМЕН ОРЫС ЖӘНЕ БАТЫС ЕУРОПА АҒARTУШЫЛАРЫНЫҢ САБАҚТАСТЫҒЫ

Касымова.Г.М.

№20 орта мектебі

Аса талантты педагог, ағартушы, дарынды жазушы, тамаша ақын,жалынды публицист, көрнекті қоғам қайраткері Ыбырай Алтынсариннің ағартушылық қызметі қазақ халқының саяси-рухани отарлау шеңберінің қысымшылығы күшейіп тұрған кезеңге тұспа-тұс келді. Ол орыстың революциялық-демократтық қозғалысы туып,дами бастаған кезде қоғамдық аренаға шығып, өзінің ағартушылық, тәлімгерлік, жазушылық, ғалымдық еңбегімен ерекше көзге түскен аса көрнекті қайраткер еді. Ыбырай өз замандас отандастарының ағартушылық ой-пікірлерін қуаттап, қазақ жерінде оқу-білімнің шамшырағын жақты, педагогтік-демократиялық көзқарастарының негізін салды.

Ы.Алтынсариннің ағартушылық қызметі ХІХ ғасырдың 60-80 жылдарындағы қазақ қоғамының рухани мұқтажына байланысты туып,әлеуметтік өмірге келді. Орыс халқымен бұл тұста нақты қарым- қатынас жасай бастаған қазақ халқы өмір сүрудің негізгі кілті өнер мен білімде деп түсініп, орыс халқының тілі мен біліміне ұмтыла түскен еді.Ыбырай өз арман-мақсаттарын жүзеге асыруда орыстың атақты гуманист оқымыстыларына, өзінің өмір бойғы тамаша достарына сүйенді. Олар әйгілі ағартушымызға теңдесі жоқ үлкен жақсылық жасады. Өйткені олар даланы жарыққа жетелеудің орыс халқы еншісіне тиген тарихи үлес екенін жақсы ұқты.

Ыбырай бақыттарының бірі ол бүкіл мұрасын өз қолымен орыс тілінде жазып қалдыруы. Бүгінде үш томды құрайтын сол мұра тек орыс тілінде жазылғандығынан сақталып қалған. Ал жиналмағандары Мәскеу, Ленинград, Қазан, Орынбор архивтеріндегі материалдар қаншама.

Бұл арада Ыбырайдың орыс достары туралы өз алдына бір кітап жазуға болатынын айта кету керек. Григорьев, Ильминский, Катаринский, Яковлев, Ефимский-Мировицкий, Кукляшев, Дынков, Делянов болып, ұзыннан-ұзақ тізімге ұласатын олардың әр қайсысының Алтынсарин туралы небір тамаша лебіздері сақталған. Осыншылық әлуетті, қуатты ортаның Ыбырайдың жұмысына ғана емес, өз басының өсіп, тұлға болуына да зор ықпалы тиген. Ыбырайдың бүкіл қазақ тарихындағы орны мен еңбегін алдымен анықтап, толық жазған да солар. Бір ғажабы: сол кездің өзінде-ақ орыс оқымыстылары Қазақстан туралы, оның осынау аяулы перзенті, жалпы қазақ халқы туралы бізден әлдеқайда көп жазған, көп біледі.

Осы аталған және тағы да басқа орыс,еуропалық данышпан ағартушылары Ы.Алтынсариннің ағартушылық көзқарастарының қалыптасуына және педагогикалық саласында шығармашылығының дамуына негізі болып табылды. Ы. Алтынсариннің ағартушылық жолындағы шығармашылығының,еңбегінің ең биік шыңы, ол орыс және еуропалық озық педагогикалық тәжірбиеден алынған үлгі және қазақ даласына бейімделіп жасалған білім жүйесі. Орыс және еуропалық ағартушылық тәжірбиені қолдану, Ы.Алтынсариннің қазақ даласындағы барлық халыққа білім беру және білім жүйесінің дамыту іс-әрекеттерінде көруге болады.

Мұның барлығы Алтынсариннің өткен ғасырдағы көрнекті орыс педагогтары (Ушинский,Бунаков,және т.б.) негіздеген білім беру теориясын меңгере отырып, оны далалық аймақтың ерекшелігіне бейімдеп орыс-қазақ мектептерінде балаларды оқытудың айрықша үлгісін жасағандығын көрсетеді. Ы.Алтынсариннің ағартушылық идеяларының және көзқарастарының қалыптасуы сол Қазақстанда еңбек еткен көрнекті орыс педагог ағартушылығының іс-әрекеттерімен және әрбіреуі ерекше орын қалдырды деп айтуға болды.

1859 жылдан бастап Ы.Алтынсарин Орынборда облыстық басқармасында кіші тілмаш болып қызмет істейді. Осы кезде жас жігіт Ыбырайдың өз бетімен білім алуына «Бал-ғожа бидің айрықша бағалаған және сол үшін Алтынсаринді де сүйе білген В.В.Григорьевтің (1816-1871ж)-Орынбор Шекара комиссиясының 1852-63 жылдардағы председателінің көп жәрдемі болды. В.В.Григорьевтің Ыбырайға көрсеткен жәрдемі жайында Н.И.Ильминский былай деп жазды: «Алтынсарин күн сайын сағат 9-дан 3-ке дейін басқармасының қабылдау бөлмесінде болады. Бұл бөлменің қасында В.В. Григорьевтің кең, көп кітап жиналған полкалары бар кабинеті орналасқан еді.

Оның кітапханасы өте бай орыс тіліндегі кітаптары да аз емес болатын. Григорьев Алтынсаринге кітап беріп тұрады, ол қазақтар мен орыс чиновниктері келгенде ғана, оқатектес басын көтермесе, үнемі кітап оқып отырады...Алтынсарин орыс кітаптарын оқып, В.В.Григорьевтің айтуы бойынша өзіне түсініксіз сөздерді басқа бір дәптерге жазып жүреді, сөйтіп ол дәптерді кейін В.В. Григорьевке береді, ол әрбір сөздің мағынасын қысқаша және дәл түсіндіреді. Көп күндер осылай өткен. Алтынсарин әдебиет журналдарын алдырып, оларды да күні-түні оқып, өзіне түсініксіз сөздерді жазып алып, қалын дәптерді толтырып бір аптадаң соң В.В.-ке тағы да әкеледі».

Ыбырайдың осы тұста орысша, еуропаша білім алып, ой-парасатының тереңдей түсуіне В.В.Григорьевпен қатар Н.И.Ильминскийдің де біраз әсері тиеді. Қазан университетінің профессоры, белгілі шығыс зерттеушісі, миссионер Н.И.Ильминский 1858 жылдан 1861 жылға дейін Орынбор Шекара Комиссиясында тілмаш болып қызмет істей жүріп қазақтың тілін, этнографиясын, фольклорын зерттеді. Ағарту майданында миссионерлік бағыт ұстаған Н.И.Ильминский Ыбырайды жас кезінен жақсы біліп, өле-өлгенше онымен дос болып кетеді. Халық ағарту саласында бұл екеуі бір-біріне қарама-қарсы екі түрлі бағыт ұстаса да мұндай принципиалдық айырма ол екуінің арасындағы достық қарым-қатынасқа ешқандай ресми зиянын тигізбейді.

Ильминский қазақ жерінде ашылған мектептердің инициаторы болды. Мектеп ашылудың өзі үлкен зор табыстырының өзі болды. Сонымен бірге Ильминский «мектептерде негізгі орыс тілінде жүрсін» деп бұйырады. Яғни бұл Ильминскийдің көзқарасын Ыбырай толық қабылдап, қазақ жастарына озық болуына көмектеседі деген ойда болды.

Ильминский христиан дінін тарату үшін ислам дінін жек көрді. Ыбырай дін атаулыға қарсы болғандығынан, Ильминскийдің бұл ісін де өзінің пайдасына қолдана білді.

Озық еуропалық ағартушылардың еңбектерін үлгіге алған Ыбырай, ағартушылық бағыттағы жұмыстардың дінмен сиыспайды деп түсініп, өз еңбектерінде дәлелдеуге тырысты. Ол мектептерде дінсабағын жүргізу бағдарлама бойынша міндетті болғанымен іс жүзінде оған мән береді, оның орнына басқа ғылыми маңызы бар сабақтарды жүргізуге үнемі ұмтылып отырды. Алтынсарин діншілдікті, діни сенімді, жоқ-барға нанғыштықты барлық қырсықтың көзі деп қарады. Оқу бағдарламасынан жаратылыстану сабақтарына үлкен мән берді, оқушыларға дүниелік білім беру арқылы жастарды ислам діні шырмауынан құтқаруды ойлады.

Патша өкіметінің миссионерлік-ағарту саясаты ғасырлар бойы мұсылман жұртына ағарту қызметін көрсеткен мектеп-медреселер жүйесін тамырымен құртуға әрекет жасады. Әлемдік өркениет пен ғылым ісінің дамуына баға жетпес үлес қосқан ұлы тұлғалары (Әл-Фараби, М.Қашқари, Ж.Баласағұни, М.Дулати, Абай) тәрбиелеп шығарған медреселер патша өкіметі тарапынан ХІХ ғасыр соңында үлкен кедергілерге тап болып, орыс мектептері мен мұсылман оқу орындарының ара салмағы үлкен дәрежеде өзгерістерге ұшырады.

Әрине, күнбе-күн күш алып келе жатқан миссионерлік саясатты жергілікті ағартушылардың тоқтатар саяси күш жоқ еді. Тек қана, ұлттық білім беру жүйесін заман талабына сай, миссионерлік ағарту-оқу ісінің негізгі заңдылықтарын қабылдай отырып, Қазақстанда халық ағарту ісі жаңа жолға түсті. Бұл игілікті жұмыстан көш басында Ы Алтынсарин тұрды. Тіпті, діни білім беретін медреселердің оқу жоспары мен бағдарламалары жаңаша сипат алды. Бұл туралы миссионер-ағартушы Н.Бобровников кезінде «...діни сабақтардың 24 сағаттық көрсеткіштерімен мұсылман медреселерінің қимылсыз, тоқтап тұрған уақытты өтіп кеткен. Медреселер басқа, жаңа бір жаңалықтың орталығына айналған. Өкінішке орай, бұл біз үшін үлкен жаңалыққа айналып отыр.» – деп мұсылман әлеміндегі ағарту ісінің жаңа ағымға түскенін мойындаған.

Ұлттық мектептердің қалыптасуы мен дамуындағы қазақ ағартушыларының қызметтері осындай аласапыран кезеңде өтті.

Ыбырайдың Ильминскиймен қарым - қатынаста ерекше орын алған оқиға, ол қазақ алфавитін орыс графигіне көшіру туралы ой пікірлер. Ильминский орыс әліпесін ұсынғандағы ойы- қазақты орыс мәдениетіне жақындастыру емес, орыстандыру. Ал Ыбырай орыс әліпесін қолдануымен байланысты халықты сауаттандыруға жол ашылады, орыс әрпімен

жазғанда қазақ сөздері әлде қайда дұрысырақ таңбаланады араб-парсы тілдерімен шұбарланған тілімізді тазартады, қазақ тілінің дамуына жол ашып, халықты орыстың ғылымы мен мәдениетіне жақындастырады деп есептеді.

Алайда Ыбырай Ильминскиймен қарама-қарсы бағытта толып, оның «көмегіне» де мұқтаж болды, болыстық мекемеде тілмаштық қызметтен босанып, ағартушылық қызметке көшу үшін Ильминскийден көмек сұрады.

Ыбырайдың жиырма жылдық оқу-ағартық жұмысы Ильминскиймен дипломатиялық күресте өткен. Ыбырай оның әрекеттерінің объективтік жақсы жақтарын пайдаланып, өз өмірінде көптеген прогресшіл бастамаларды іске асырды.

1861 жылы тілмаштықтан босап, оқу-ағарту жұмысына көшті. Орынбор қамалы жанындағы өзі оқып шыққан «Қазақ балаларына арналған мектептің» оқытушысы болып тағайындалды. Бұл Ыбырайдың педагогтік жұмысқа тұңғыш рет кірісуі болатын. Ыбырай осы жылдардан бастап К.Д. Ушинскийдің оқыту жүйесіне түседі, оның шығармаларымен танысады. «К.Д. Ушинскийдің «Балалар әлемі» кітабын көрдім, бірақ оны қолыма түсіре алмай жүрмін. Қандай жақсы жазылған кітап» деп сүйсініп, Ыбырай ол кітаптың бір данасын тауып беруді Ильминскийден сұраған. Жазылған хаттарына қарағанда Ильминский оның бір данасын Ыбырайға жіберген. Ыбырайдың К.Д. Ушинскиймен танысуы осы кезге – 1862 жылға тура келеді. К.Д. Ушинскийдің ықпалымен тәрбиеленіп, педагогтік жолға берілген Ыбырай ендігі жерде жергілікті өкімет орындарына құлша бағынып отыра бермейді, алған бетінен ұстанған жолынан тайынбайды. Ыбырайдың Ушинский жолымен жүргізген оқыту жүйесі бойынша: мектеп, ең алдымен халықтық мектеп болуы керек, халықтың тұрмысына ыңғайлы шаруашылығына қолайлы болып құрылуы керек. Мектептер халықтың қалың бұқарасын қамтуы үшін ауылдарда, болыстарда, уездерде ашылуы керек. Ауыл мектебі ауыл өміріне, болыстық мектеп-болыстағы жағдайға сай құрылуы қажет. Ауыл мектептері, үлгілі, тәртіпті, көрнекті, мәдениетті, ауылдағы бүкіл мәдени-ағарту, жұмысының орталығы «қазақтардың оқытудың негізгі буыны» болуға тиіс.

Сондай-ақ ол орыс, еуропалық мектептің үлгісі бойынша, мектептерде «Көшпенді өмірден енді-енді отырықшылыққа бейімделе бастаған жергілікті халықтың қажетсінулеріне» орай кәсіпке үйретуді енгізеді. Балалар балташы, шебер темір ұстасы, тағы басқа да кәсіптерге, ал оқушы қазақ қыздарын ішкіім, көйлек пішіп тігуге, бөкебай, түбіт орамалдар тоқуға, аттың қылынан белебеу есіп, шекпен тоқуға қысқасы-қазақтарда әрқашан жеткілікті болған шикізат негізінде жұмыс істеуге үйрететін.

1876 жылдың қыркүйек айында Петербургке барып қайту оқиғасы Ыбырайдың өміріндегі ең бір бақытты кезең болуымен бірге, оның ағартушылық қызметінің даму, кемелдену процесінде шешуші фактор болады. Петербургтің бұл кезде патшалық

Ресейдің ғана астанасы болып қоймай, орыс халқының демократиялық бағыттағы ұлттық мәдениетінің де орталығы ретінде бүкіл дүние жүзіне таныла бастаған мәлім.

Петербургтағы ірі оқу орындарында, тарихи мәдени орындарда болу, орыс халқының таңдаулы ұлдарының еңбектерімен танысу, прогресшілдік бағыттағы адамдармен кездесіп пікірлесу Ыбырайдың қоғамдық өмірді пайымдау, тану дәрежесін тереңдетіп, келешек күрес жолын біржолыта айқындай түседі.

Осы сапарында В.В. Григорьев сияқты ескі досына, ұстазына, кездесу Ыбырайға көптен-көп пайдасын тигізеді. Петербург университетінің профессоры В.В. Григорьевтің

Ыбырайды қалайша қарсы алғаны туралы Н.И. Ильминский былай деп жазды:

«В.В. Григорьев оны бұрынғысындай еркелете қарсы алып, астананың бүкіл атақты жерлерін аралап көруге көмектесті.» Сөйтіп, Петербургтан Ыбырай асқан мол қайрат-жігермен оралады.

Орыс-қазақ мектептерінің оқытушыларына көмекші-құрал ретінде Алтынсарин орыс жазушылары мен педагогтарының еңбектерін ұсынатын: Ушинскийдің «Балалар әлемі», Бунаковтың «Әліппе және мектеп пен үйдегі оқу кітабы», Крыловтың

«Мысалдары», Кирпичниковтың «Грамматикасы», Тихомировтың «Грамматиканың бастапқы курсы. Дұрыс жазу емлесі». Л. Толстойдың «Әліппе және оқу кітабы», Водовозовтың «Оқу кітабы», Лубенцтың «Арифметикасы», Евтушевскийдің «Арифметикасы», Пуцковскийтің «Географиясы», Острогорскийдің «Орыстардың қысқаша тарихы», Белляриминовтың «Жалпы тарихы», Гуревичтің «Тарихи хрестоматиясы», Фармоковскийдің «Орыс тарихы», Сент-Илердің «Зоологиясы», Гердтің «Минералогиялық қысқаша курсы», Оливердің «Ботаникасы», Крюгердің «Элементарлық физикасы».

Ы. Алтынсарин мұғалімдерге көрнекті құралдарды дұрыс орынды пайдалану жөнінде нұсқау беріп отырды. Оқытуды дамыту әдісімен жүргізудің құрамды бөлігі ретінде санап, Ыбырай мектеп кітапханасын әр пәнін хрестоматиялық кітаптарымен жабдықтап, мұғалімдерден сол кітаптардан балаларға сабақтан тыс уақыттарда қосымша құжаттарды оқытып қадағалауды тапсырды. Сондай-ақ мұғалімдердің өз білімдерін көтеріп отыруларына қам-

қорлық жасап, олардың Я.Каменскийдің «Ұлы дидактикасын», Бобровскийдің «Педагогикасын» үзбей оқып отыруды талап етті және тағы басқа әдістемелік құралдарды өзі тауып беріп, оқытып отырды.

Оның еңбектерінен Я.А.Каменскийдің «Ұлы дидактикасын», И.Г. Пестолоцийдің «Элементарлық методикасын», Жан-Жак Руссоның «Эмили», К.Д. Ушинскийдің «Родное словосын» қорытындылап, жинақтап, өзіндік тұрмыс, салт-дәстүр ерекшелігі бар қазақ халқына арнап педагогика жазып шығарғанын көреміз. Абай Пушкиннің Татьянасын қазақ даласына қарай жеткізгенін Мұхтар Әуезов «Абай жолы» романында былай бейнеленген: «Осылайша 1887 жылдың қысында орыстың данасы Пушкин өзінің сүйікті Татьянасын қолынан жетектеп кеп кең қазақ сахарасына қадам басты». Мұқаның Пушкин Татьянасы туралы айтқан үлгісімен айтатын болсақ, Ыбырай еңбегінің арқасында: 1879 ж педагогика ғылымының негізін салған чехтың аса ірі педагог-демократы Ян Амос Каменский өзінің «Ұлы дидактикасын» қолтығына қысып алып, қазақтың кең даласына алғаш рет қадам басты».

Ы.Алтынсарин Еуропа, Ресей педагогтарының еңбектері мен өзі танысып қоя салмай, көшпелі өмір кешіп, балаларын молдаға беріп сауатын аштырудың әрі аса алмай отырған халқына, оның кең даласына алып келіп, қазақ елінде тұңғыш рет педагогиканың негізін салды. Осыған орай Пушкиннің «Ломоносов Россияда тұңғыш университет ашты». Дұрысын айтқанда, оның өзі біздің тұңғыш университетіміз еді» десе, Ыбырай да біз солай деуіміз лайықты.

Біз халықтар достығының тамырын, әсіресе, орыс халқы мен қазақ халқының ғажайып достығы сонау әріден, осындай нақтылы достықтан іздесек керек. Әсіресе, интернационализмді ту етіп отырған қайта құру дәуіріміздің мұраттарына бұл тарихи шындықтар шынайылығымен қызмет етеді. Сөйтіп, Ыбырай Алтынсариннің өз халқы үшін сан алуан салада қайраткерлік көрсеткені, Ресей мен Қазақстан арасындағы бір алтын көпір секілді осынау ғажайып тұлға туралы орыстың кемеңгер ұлдары өте көп ой-пікір қалдырды. Бір ғана Н.И.Ильминскийдің «Ы.Алтынсарин туралы естеліктер» деген кітабының өзі неге тұрады.

Ағартушы Ыбырайдың ұлылығы сол-өзінің бүкіл өмірі мен күш-жігерін осы ұлы іске арнады. В.Г.Белинскийдің сөзімен айтқанда, қоғамның тарихы арқылы әзірленіп, дайындалып келген мазмұнды өмірде қолдай жүзеге асыру ісіне арнады.

XIX ғасырдың 50-60 жылдарында өнер-білімге талпынушылық Россияның шет аймақтарында айқын көзге түсе бастаған құбылыс еді. Мұны орыс халқының озық ойшылары дер кезінде байқап, оған жұртшылықтың назарын аударған болатын. «Әдеби істер, - деп жазды Н.А.Добролюбов 1859 ж «Современник» журналында, - тек орталық қалада ғана шоғарланып отыр. Қазіргі кезде Россияның бар түкпірінде ағарту мәелесіне айрықша талпыну мен ой-пікірлердің өсе түскенін ескерсек, мұның өзі таңданаралық жағдай». Н.А. Добролюбовтың бұл пікірінің 50-60 жылдардағы қазақ қоғамына да қатысы жоқ емес.

Ыбырай қоғамдық өмірдегі жаңа талпынысты орынды байқап, соған лайық қызмет етумен қатар жалпы ағарту ісінің, өнер-білімінің артықшылықтарына үлкен сеніммен қарады. Н.Г.Чернышевский айтқандай, «адам үшін ең үлкен бақыт – білім. Білімсіз адамдар әрі дөрекі, әрі бақытсыз... Білім халыққа байлық пен күш-қуат әкеледі. Білім адамды дүниеде ештеңемен теңдестіруге болмайтын жан рахатына бөлейді», – деп бағалады қоғамдық өмірде оқу, ағарту ісін дұрыс жолға қою арқылы прогреске жетуге болады, халықты мәдениетті елдердің қатарына жеткізуге мүмкіндік туады деп таныды.

Қараңғыда қарманған халқын жарыққа жетелеген, қазақтың санасын жайлаған дерттің емін тап басып, көре білген Ыбырай ұстаз қазақ қоғамына жаңалықтың дәнін себуші қарлығаш болды.

XIX ғ 60-80 жылдарда қазақ қоғамының нендей мәселеге мұқтаж болып отырғандығын ағартушының өзі де талай рет зор маңыз бере айтқан еді. 70-жылдардағы іс қағаздарының бірінде ол: «Қазақ халқының арасында өзінің көрші халықтарының тілін білуге, олардың жазуын үйренуге ұмтылушылық күшейіп келеді; өйткені, біріншіден, олардың қазіргі экономикалық және саяси жағдайының өзі аяқтарын аттап басқан сайын дерлік, мысалы, орыс тілін, орыс жазуын білуді қажет етіп отыр»0, – десе, 80-жылдардың ішінде бұл пікірін мүлде айқындай түсіп: «Қазақ халқы орыс тілін білудің, орысша сауатты болудың керектігің айқын түсініп отыр.. Қазақтарға, осы дарынды, ақыл иесі мол халыққа, қазір кешікпей тұрып рухани және қоғамдық даму жолына түсетін дұрыс бағыт беру қалай дегенімен аса қажет болып отыр» – деп жазды. Бұл келтірілген үзінділер Ыбырай кезіндегі ұлттық мектептердің қалыптасуы мен дамуындағы қазақ ағартушыларының қызметтері қандай бағытта қалыптасқанын көрсетеді. Қазақ мектебінің эволюциялық дамуы миссионерлік ағарту саясаты аясында жүрді. Осы тұста ұлт мектебінің халық мүдесіне сай қызмет етуі-Ы Алтынсариннің жанкешті күресі арқасында іске асты.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. М.Ақынжанов. Қазақ ағартушыларының қоғамдық-саяси көзқарастарының қалыптасуы. Алматы 1955ж.
2. Ә.Сыдықов. Ы.Алтынсариннің идеялары мен ағартушылық қызметі. Алматы 1969ж
3. А.Оразбеков. Ы.Алтынсариннің этикалық көзқарастары. Алматы. 1974 ж.
4. Б.Ғабдулин, А.Ысқақов. Қазақ ағартушы демократтарының дін туралы пікірлері. Алматы 1977ж.
5. Қ.Бейсембаев. Қазақ ағартушыларының әлеуметтік, саяси және философиялық көзқарастары туралы. Алматы 1958 ж.
6. Ә.Дербісәлин. Ы.Алтынсарин. Алматы 1965ж.
7. А.Құсайынов. Қазақстан білім беру жүйесіндегі Ы.Алтынсариннің орны. Алматы. 2001ж.
8. С.Қалиев. Ы.Алтынсарин-Қазақстандағы оқу-ағарту ісінің апостолы, ұлы педагог, демократ, ағартушы. Алматы 2001ж.
9. М.Жадрина. Ы.Алтынсарин және қазіргі оқулық мәселесі. Алматы 2001 ж.
10. Ә.Табылдиев. Ыбырай Алтынсариннің этнопедагогикалық еңбектері. Алматы 2001 ж.
11. Г.Рысбекова. Ы.Алтынсариннің ағартушылық идеясын жалғастырушы ізбасарлары. Алматы 2001 ж.
12. Ж.Бәшірова. Ыбырай Алтынсарин имандылық туралы. Алматы 2001ж.
13. А.Миразова. Ы.Алтынсарин және мектептегі білім мен тәрбие. Алматы 2001ж.
14. Ә.Бахтиярова. Ы.Алтынсарин еңбектеріндегі адамгершілік тәрбиесі. Алматы 2010ж.
15. Ғ.Қайырбеков «Ыбырай жөнідегі әңгімелерден» Алматы 1959 ж

УПРАВЛЕНИЕ ПРОФЕССИОНАЛЬНЫМ РОСТОМ РУКОВОДИТЕЛЕЙ ШКОЛЬНЫХ МЕТОДИЧЕСКИХ ОБЪЕДИНЕНИЙ

Климчук Т.А., Потапенко О.А.

ГУ «Средняя школа №2 отдела образования акимата города Костаная»

В условиях модернизации образования актуальным остается вопрос формирования высокопрофессиональной управленческой команды школ, формирование культуры менеджмента педагогов. Существующая система повышения профессиональной культуры школьных работников охватывает управленцев первого уровня (руководители), второго уровня (заместители директора) и четвертого уровня (педагоги). А формирование управленческой культуры руководителей школьных методических объединений (третий уровень), как показывает анализ ситуации, остается за «бортом» системы. В общей системе повышения квалификации руководители ШМО не выделены как самостоятельная управленческая команда. Причина этого известна: частая сменяемость, отсутствие управленческой статусности (руководитель МО в силу учебной нагрузки психологически относится в большей степени к учительской среде, нежели к собственно управленческой).

Налицо серьезное педагогическое противоречие между достаточно большим объемом работы, организуемым и выполняемым руководителем МО и отсутствием отлаженной системы его обучения, в том числе и внутри школы.

Как показывает практика, команда руководителей школьных методических объединений не стала объектом системных управленческих воздействий и со стороны школьной администрации. Обычно их работа регламентируется распоряжениями, указаниями, приказами, а также контролируется через совещание при директоре, заседание методического совета школы, систему аналитических отчетов. В силу этого культура управления руководителей МО является новым и чрезвычайно важным объектом управления. Поведение руководителей ШМО в условиях инновационной деятельности школы становится одним из решающих факторов развития школы. Руководитель МО, имея небольшую формальную власть, в реальности обладает максимальными возможностями воздействия на профессиональную культуру учителя. Личные ресурсы руководителя в управлении «выходят» на первый план.

Школьная методическая служба провела диагностику, с целью определения лично-стотно-профессиональных ресурсов руководителей МО (в школе 9 руководителей МО, средний стаж управленческой работы – 5 лет).

Параметры диагностики были взяты следующие: профессиональный ресурс, психофизический ресурс, социальный ресурс, интеллектуальный ресурс, нравственный ресурс.

Как и прогнозировалось, наиболее проблемным оказались профессиональные ресурсы руководителя методического объединения: делегирование полномочий, распределение обязанностей, предъявление требований и т.д.. Социальный ресурс, в том числе и мотивация на управленческую деятельность, оказался низким у 2/3 руководителей.

В ходе рефлексивно-деловой игры участники «наполнили» конкретным содержанием параметры личностных ресурсов руководителей МО. К профессиональным ресур-